

Үздік жас ХҚКО қызметкері анықталды

Мұнайлы ауданында халықаралық ерік-тілер күніне орай «Жастар премиясы–2024» байқауы өтті. Іс-шара Мұнайлы ауданының қоғамдық өміріне үлес қосқан жастарына қолдау көрсету, отаншылдық рухын көтеру мақсатында ұйымдастырылды. Байқауда жыл қорытындысы бойынша өз саласында үздік атанған 30 адам марапатталды. Олардың қатарында «Үздік жас ХҚКО маманы» номинациясына ие болған Ануар Резабеков те бар.

Зухра ӘБДІЛ-САТТАР

Ануар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Мұнайлы аудандық ХҚКО бөлімінде 2020 жылдан бері жұмыс істейді.

– Мен байқауға биыл бірінші рет қатыстым. Үздіктер қатарынан табылғанымға қуаныштымын. Мұндай шаралар жастарға шабыт береді. Еліміздің дамуына зор үлес қосып жүрген жастарды демеп, қолдау көрсету керек деп ойламын, – дейді Ануар.

Мұнайлы аудандық ХҚКО бөлімінің басшысы



Бөкенбай Мұханұлының айтуынша, Ануар өз ісінің кәсіби маманы. Аз уақыттың ішінде өзінің кәсіби іскерлігін көрсетіп, өзіне жүктелген міндетті лайықты атқаруда.

– Ануар кез келген жұмысты тиянақты орындайды. Құжаттарды сапалы қабылдап, тұтынушылардың көңілінен шыға біледі. Бұған дейін де аудан әкімінің, филиал басшысынан бірнеше рет алғыс хат алған. Әріптесімізді шын жүректен құттықтаймыз, – дейді Бөкенбай Маханұлы.

«Тең қоғамда» мүмкіндіктер де тең

Адамдардың бойындағы іскерлік қабілетін дамыта отырып, оларды кәсіпкерлікке бағдарлау бойынша әлеуметтік жобалар аясында аймағымызда жүйелі түрде жұмыс жасап келеді. Бұл бағытта соңғы айларда атап айтуға тұрарлық бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда жергілікті өнім өндіруді қолға алған кәсіпкерлер қатары көбейіп келе жатқаны бәрімізге белгілі. Дегенмен өңірімізде сабын жасап нарыққа шығарумен айналысып жүрген кәсіпкерлер аз. Осыны ескере отырып қор тарапынан кәсіпкер болуға ынталы азаматтар арасында сабын жасау бойынша шеберлік сағаты өткізілді. Онда тұтынушылар қызығатын түрлі-түсті және хош иісті сабын жасаудың технологиясы және әдіс-тәсілдері көрсетілді. Сөйтіп, қатысушылар шеберлік сағатында бұл істің қыр-сырымен жете танысып, олардың бірқатары алдағы уақытта осы іспен айналысуға ниет танытты.

Қоғамдық бірлестік мүмкіндігі бар жандардың бойындағы қабілетін жетілдіре отырып, олардың қоғаммен етене араласуына тиісті деңгейде назар аударып келеді. Осыған сәйкес «Тең қоғам» орталығы «Бағыт-бағдар беру: Психологиялық қолдау және тәлімгерлік» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Бұл іс-шараға негізінен мүмкіндігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар қатысты. Тренингте оларға елімізде мүгедек жандарды өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыспен қамту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар толық және жан-жақты таныстырылды.

Біз ақпараттық технология қарқынды дамыған заманда өмір сүріп жатырмыз. Әрбір адамның компьютерде жұмыс істей білуі өмірдің ең басты талабына айналып отыр. Бірақ мүмкіндігі шектеулі адамдар бұған толықтай қол жеткізді деп айта алмаймыз. Бұл олардың өмірінде кедергілерді көбейте бермек. Қоғамдық бірлестік бұл мәселені ұнамды шешуге атсалысу мақсатында іс-шаралар өткізуді қолға алды. Жақында ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар мен мүгедектігі бар адамдар арасында компьютерлік сауаттылық курсы ұйымдастырылды. Бұл іс-шара барысында қатысушыларға компьютер құрылғыларын пайдалану, жаңа бағдарламалармен жұмыс жасау жолдары туралы бағыт-беріліп, жан-жақты түсіндірме жасалды.

Айналамызға байыпты көз тастасақ, уақыт алға озған сайын өмір сүру дағдыларымыз да өзгеріске ұшырап жатқанын көреміз. Заман талабына сай қадам басу – өмір заңдылығы. Сондықтан қоғамдық бірлестік адамдарды осы талапқа сай болуға бағыттау бойынша әлеуметтік жобаларды тұрақты түрде жүзеге асырып келеді.

Маржан ОРЫНБАСАРОВА,
әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

«Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ басқармаға бағынышты мекемелерінің басшысы лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

1) Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Маңғыстау облыстық желкенді спорт бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
Қадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;
Мамандығы бойынша оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы;
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:
1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-075/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.
Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін аяқталады.

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, «Жас қанат» спорттық көшені, 83-ғимарат, 130000, телефон: 8(7292) 421234, sport@mangystau.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TENGE Oil&Gas» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «22 ұңғыманы және топтық қондырғыларға мұнай-газ жинау жүйесін құру. Маңғыстау облысындағы Теңге кен орнындағы нысандардың құрылысы», ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау 2025 жыл, 7 ақпан, сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылындағы «Атамұра» мәдениет үйі ғимаратында өтеді.
Онлайн конференцияға сілтеме:
<https://us04web.zoom.us/j/3284866799?pwd=KRCEXGJTjX06UjQDDWlA8JbYb26f.1&omn=72784721831>
Конференция идентификаторы: 328 486 6799, кіру коды: nT9F38.
Жобалық құжаттама мен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbai@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 431088 арқылы танысуға болады.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «TENGE Oil&Gas» Жаңаөзен қ., өндірістік аймақ 5, құрылыс 10, тел.: 8/72934/92301 (117), БСН: 150940022022, e-mail: abubakir_1973@mail.ru.
Жобалау ұйымы: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қаласы, 17-шағын ауданы, 20-корпус, №21 кабинет, БСН: 010740010777, Тел: +7(778) 179-05-22, e-mail: constructionns12@gmail.com.
Қоғам мен мүдделі тұлғалар өз пікірлері мен ұсыныстарын жібере алатын электрондық пошта мекен-жайы info@cons.kz. Қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады. 8 705-155-76-73.

Құрметті коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар!

«QazaqGaz Aймақ» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы (әрі қарай – филиал) 2024 жылдың 26 желтоқсанынан бастап, тауарлық газдың және сервистік қызметтердің төлемдерін «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Kaspi bank» АҚ, «Centercredit» АҚ, «Қазпошта» АҚ қосымшалары арқылы қабылдауына байланысты филиал кассалары жабылатынын хабарлайды. Төлемдерді филиалда немесе аудандық газ шаруашылықтарына барып, QR кодты сканерлеп төлем жүргізе аласыз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті «Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында 42 мекеме базасында 840 орынды толтыру лимиті бар аралас түрдегі (орташа және ең жоғары қауіпсіздік) мамандандырылған түзеу мекемесі жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды». Объектінің географиялық координаттары: 43°38'35.9"с.е 51°16'22.1" ш.б.

Өсер өтетін аумақ: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы. Географиялық координаттары: 43.635588 с.е және 51.168245 ш. б.

10 қаңтардан 16 қаңтарға дейін бірыңғай экологиялық порталдың сайтында жария талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Тапсырыс берушінің деректемелері: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Б.Майлин к-сі, 2. БСН:020240002046. Тел.: 8 (7172) 72-31-44, kuis_kz@mail.kz

Құжаттаманы әзірлеуші: «Әсем жоба құрылыс» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлановка ауылы, Черемушка шағын-ауданы, 8, 12. БСН: 061240011213, 87754104994, too_aset@mail.ru.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 775 410 49 94 телефоны арқылы сұрауға болады, yulya211091@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат, g.tulembet@mangystau.gov.kz.

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

1-қосымша

Маңғыстау облысының «Денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚММК байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды

Конкурсның өтетін орны мен күні: Ақтау қаласы, 3-ша/а, №100 ғимарат.
Кәсіпорынның орналасқан жері: 130000, Ақтау қаласы, 1 «А» ша/а, 9-ғимарат.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: білікті, мамандандырылған тегін стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету, дәрігерге дейінгі білікті қабылдау бөлімшесінің мамандандырылған медициналық көмегі, стационарды алмастыратын медициналық көмек және т. б.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білім, сондай-ақ мынадай талаптардың бірі:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) құқықтың бейні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің бейні бойынша және (немесе) басшы лауазымындағы құқықтың кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде адам сайланбайды:

- өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық қатынастарындағы адамдар.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;

- өмірбаян (еркін нысанда);
- кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері) ұсына алады, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар).

Қатысушы конкурстың өтінішінің түп нұсқасын конвертке жапсырады, оны «түпнұсқа» деп белгілейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекен-жайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер:

- «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 3-ша/а, №100 ғимарат;
- «ШЖҚ ММК ШЖҚ ММК Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы және» 31.01.2025 жылғы сағат 10.00-ге дейін ашпау» деген сөздерді қамтуға міндетті. Конкурстың өтініш Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 3-ша/а, №100 ғимарат, «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ (№201 кабинет) мекен-жайына жіберіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң аяқталады. Анықтама телефондары: 8 (7292) 30-20-44.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

13.04.2013 жылы Г.Н.Калдибаеваның атына берілген №2-4926 жер учаскесін сату-сатып алу келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ажархан Бурмбаеваның қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз.

Ақтау қаласы, 8-ша/а, 14-үй, 2-пәтер. Телефон: 8 701 9998733. Нотариус Ө.Е.Рахман.

**ТЕЛЕФОН:
20-48-42**
Бұл бос орын сіздің
ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған